



**БҰЙРЫҚ**

Жұмыскер ауылы

**ПРИКАЗ**

село Жұмыскер


29.08.2024т №8/м

**«2024-2025 оқу жылында оқушыларды ыстық  
тамақпен қамтамасыз ету туралы»**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XLIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай –ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі орта білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ-16 «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитарлық –эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына және 2023 жылғы 3 тамыздағы №1 жұмыс тобының хаттамасына сәйкес, Шет ауданы білім бөлімінің 29.08.2024 жылғы №170н/қ бұйрығының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп бойынша 2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс ұйымдастырылсын.
2. Тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет-ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыру қамтамасыз етілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалысын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.А Алишеваға жүктелсін.

Мектеп директорының м.а.



Б.Р. Жумашев